

ЭОЖ 001.895
FTAMA 06.71.57
JEL classification: O30, O31, O32, O33

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-65-4-58-70>

Андабаева Г.К.*

Э.Ф.К.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
E-mail: andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-7458-8711

Какижанова Т.И.

Э.Ф.К.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
E-mail: Tolkyn.Kakizhanova@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-2475-0573

Капарова Р.Б.

Докторант PhD

Алматы менеджмент университеті
Алматы, Қазақстан
E-mail: raygul-k@mail.ru
ORCID: 0009-0009-1881-2035

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУ

Аңдатпа. Мемлекеттік қарыз және оны басқару тақырыбы қазіргі экономикалық зерттеулердің өзекті аспектілерінің бірі. Мемлекеттік қарызды басқару тиімділігінің макроэкономикалық рөлі зор, өйткені ол мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыруға жұмсалатын шығындарды оңтайландыруға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қарызға қызмет көрсету шығындарын азайтуға, сондай-ақ борыштық құралдардың ішкі нарығын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта мемлекеттік қарызды басқаруға жауапты мемлекеттік органдар ресурстарды тартуға кететін шығындарды ғана емес, сонымен қатар туындайтын тәуекелдерді, атап айтқанда валюталық тәуекел, қайта қаржыландыру тәуекелі және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін де ескеруі қажет.

Мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік қарызы мен оны басқару жолдары қарастырылады. Мемлекеттік қарызды басқарудың құрылымы мен экономикалық әсерлері зерделенеді. Еліміздегі мемлекеттік борышқа қатысты жағдай, сонымен қатар COVID-19 пандемиясының салдарынан туындаған қарыз динамикасы талданады. Зерттеу барысында мемлекеттік қарыздың деңгейінің ел экономикасына, инвестициялық климатқа және әлеуметтік салаға әсері зерттеледі. Мақаладағы эконометрикалық зерттеудің мақсаты түсіндіруші факторлардың мемлекеттік қарызға әсерін анықтау. Деректерді талдай отырып, сызықтық және сызықтық емес модельдер бағаланды. Олардың нәтижелері бойынша GINI индексі мен халық санының теріс, ал мемлекеттік шығындар, ЖІӨ өсімі, ұлттық табыс және инфляцияның оң әсері анықталды. Модельдің нәтижелері мемлекеттік қарызға қатысты мәселелерді шешу үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық және саяси шешімдер қабылдауға сеп болады.

Үкіметтік қарыздың салдарынан республикалық бюджетке жүктеменің арту мәселесі айқындалды. Аталған жүктемені азайту бойынша тиімді ұсыныстар беріліп, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдары ұсынылады. Нәтижесінде, мемлекеттік қарызды тиімді басқару ұлттық экономиканың дамуына және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді деген тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: мемлекеттік қарыз, сыртқы қарыз, бюджет тапшылығы, қарызға қызмет көрсету, девальвация, инфляция, экономикалық өсу.

■ Кіріспе

Мемлекеттік қарызды басқару – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, оның көмегімен экономикалық саясат жүзеге асырылады. Бұл да мемлекеттік қа-

рыз құралдары нарығының қазіргі қоғамдағы экономиканың маңызды көрсеткіштерінің біріне айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл басқару мемлекеттің стратегиялық маңызы бар іс-шараларының қатарына кіреді.

Мемлекеттік қарыздың пайда болуы мен оны басқару туралы сауалдар экономистердің талқылауындағы кең тараған мәселе. Мемлекеттік қарыз туралы түсінікті қалыптастырудан бастап, оны дамытуды басқарудың қауіпсіз шегін анықтау мен әдістемелерін қайта өңдеуге дейін нақты мәселеге байланысты теориялық зерттеулер көптеген мәселелерді қамтиды. Соңғы жылдардағы экономикалық әдебиеттерде мемлекеттік қарыздың өміршеңдігін экономиканы дұрыс немесе сапасыз басқарудың нәтижесі деп білу керек пе деген түрлі пікірлер айтылып жүр. Сондықтан, көптеген экономистер қарызсыз тіршілік етуді дұрыс деп санайды.

Мемлекеттік қарыздың азаюы оның құрылымының өзгеруімен қатар жүреді. Алайда, отандық эмитенттердің механизмдері мен жаңа қаржы құралдарының жоқтығы және жеткіліксіз дамуы, ішкі қарыз алудың жоғары құны бұл үдерісті тежейді. Кез келген макроэкономикалық құрал сияқты, мемлекеттік қарыз экономикаға оң және теріс әсер етуі мүмкін. Шамадан тыс мемлекеттік шығыстар, бюджет теңгерімсіздігі, тиімсіз салық саясаты және ақша-несие саясатындағы қателіктермен қатар, мемлекеттік қарыз аса ауыр қаржылық дағдарыстарды тудыруы мүмкін, ал егер ол мақсатсыз пайдаланылса, кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігінің шектелуіне әкеп соғады.

Қаржы дағдарыстарының статистикасы бюджет, салықтар, мемлекеттік қарыз сияқты қаржылық категориялардың өзара ықпалы соншалық, олардың біріндегі дағдарыс экономиканың барлық салаларында жаһандық дағдарысты тудырады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы экономикалық категорияны шебер пайдалана отырып, экономикалық реформалардан елеулі табыстарға қол жеткізуге және күрделі қаржылық күйзелістерді болдырмауға болады.

Алайда, Қазақстанда мемлекеттік қарызды басқарудың жүйелі тәсілі болған жоқ. Соңғы жылдары үкіметтің қарызы қарқынды өссе, жеке сектордың қарызы да еселеп көбеюде. Осы уақытқа дейін мемлекеттік қарыз ұлттық экономиканың дамуын жеделдетудің маңызды құралы ретінде толық пайдаланылмады. Оның себептері – бұл мәселе бойынша зерттеулердің жеткіліксіздігі, ішкі және сыртқы қарыз алудың оңтайлы шекаралары, мемлекеттік және жеке қарыздың мөлшері бойынша нақты ұсыныстардың жоқтығы болып табылады. Демек, мемлекеттік қарыз мәселелерін теориялық және әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі мемлекеттік қарызды басқару стратегиясын әзірлеудің және мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік беретін тетіктерді әзірлеудің маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және келесі негіздемелерге сүйене отырып, осы жұмыстың төмендегі гипотезасы анықталды:

1. Экономикалық өсудің ықпалы: мемлекеттік қарызды басқарудың тиімді механизмдері елдің ЖІӨ-нің өсуін ынталандырады, жалпы инвестициялық климаттың жәй-күйін жақсартады.

2. Фискалдық тұрақтылық: қарызды басқарудың ұтымды тәсілдері фискалдық тұрақтылықты нығайтады, бюджет тапшылығын азайтып, қарыз қызметінің шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Әлеуметтік әсер: мемлекеттік қарызды тиімді басқару әлеуметтік бағдарламаларға, ғылымға, білімге және денсаулық сақтау саласына қаржыландыруды арттырады, соның нәтижесінде халықтың әл-ауқатының жақсаруына себеп болады.

4. Халықаралық тәжірибе: жауапты мемлекеттік қарыз саясаты экономикалық дағдарыстарды жеңуге және ұзақ мерзімді даму стратегияларын жүзеге асыруға көмектеседі, бұл халықаралық тәжірибенің көрсеткіштерімен дәлелденген фактілер.

■ Әдістер

Мемлекеттік қарыз және оны басқару концепциялары мен теорияларын зерттеу мақсатында теоретикалық талдау әдісі қолданылды. Экономика бағытындағы әдебиеттер, құқықтық-нормативтік актілер, ғылыми мақалалар мен тәжірибелерге назар аударылды. Мысалы, мақаланың теориялық және әдістемелік негізі ретінде Scopus және Web of Science Core Collection (Emerging Sources Citation Index) базаларына кіретін басылымдардағы отандық және шетелдік ғалымдардың экономикалық ғылым саласы бойынша жарияланған мақалалары, транзиттік экономика жағдайында сыртқы қарызды басқару, мемлекеттік сыртқы қарыз және оны экономиканың тұрақты дамуы жағдайында тиімді басқару мәселелерімен айналысатын халықаралық экономикалық және қаржы институттарының ғылыми-әдістемелік басылымдары алынды.

Мемлекеттік қарыздың деңгейі, құрылымы және оның экономикалық көрсеткіштерімен (ЖІӨ, инфляция, бюджет тапшылығы) байланысын көрсету үшін статистикалық деректерді жинау әдісі, сонымен қатар, зерттеу барысында салыстырмалы анализ, экономикалық модельдеу әдістері де қолданылды. Аймақтардағы мемлекеттік қарызды басқару тәжірибелерін талдап, нақты мысалдар арқылы тиімді әдістер мен проблемаларды анықтау мақсатында кейс-стади әдісіне жүгіндік. Мемлекеттік қарызды басқарудағы фискалдық саясаттың рөлін зерттеу, бюджеттік жоспарлау мен салықтық саясаттың әсерін бағалау үшін фискалдық саясат анализі пайдаланылды.

Бұдан бөлек, мақаламен жұмыс істеу үдерісінде экономикалық зерттеулердің экономикалық-статистикалық, абстрактілі-логикалық, есеп айырысу-сындарлы, сараптау-бағалау әдістері, экономикалық-математикалық және себеп-салдарына байланысты түрлі әдістер пайдаланылды. Бұл әдістер мемлекеттік қарызды тиімді басқару мәселелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

■ Әдебиеттерге шолу

Мемлекеттік қарыздар туралы, әсіресе мемлекеттік шығындарды несиелік қаржыландыру бағытына қатысты А. Смит, Д. Рикардо, Кейнс Дж.М., Calderón C., Cassim Z.P. және өзге де шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Мемлекеттік қарыз бен қаржылық тұрақтылық мәселелерін сан қырынан зерттеген әлемдік жетекші экономистер ретінде Кармен Рейнхарт және Кеннет Рогоффы атауға болады [1]. Додонов В.Д., Кизилев В.В., Подольская Т.В. және тағы басқа шетелдік зерттеушілерінің еңбектері мемлекеттік қарыздың теориялық және практикалық мәселелерін талдауға, олардың экономикаға ықпал ету шамасына байланысты мәселелеріне арналған. Мемлекеттік қарыздарды дамытудың мәселелеріне назар аударған отандық ғалымдар ретінде Арынов Е.М., Амринова А.К., Баймуратов У.Б., Есентугелов А.Е., Көшербаева А.Б., Обаева А.С., Шенаев В.Н., Челекбай А.Д. және тағы басқа авторларды атауға болады.

А. Смит мемлекеттік қарыз мәселесін соғыс уақытындағы мемлекеттік шығындарды қаржыландырумен тығыз байланыста көреді. Соғыстарға орай пайда болған қарыздар бейбіт шақта өз-өзінен жоғалып кетпейді, керісінше, қарызды өтеу және пайыздық төлемдерін қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты одан әрі өсе түседі, бұл, өз кезегінде, салықтардың артуына әкеледі [2]. Ал, Д. Рикардо мемлекеттің экономикалық процестерге монетарлық араласу саясатын барынша қатты сынға алды [3]. Дж.Кейнс өз зерттеулерінде мемлекеттік қарызға жұмыстылық саясатының монетарлық және қаржылық-техникалық элементі ретінде орталық мән береді. Осылайша, кейнсиандық экономикалық теория теңестірілген бюджет қасаң қағидасын, бюджеттік тапшылықты экономиканы ынталандыру үшін жария ете отырып, жоққа шығарады, ал мемлекеттік қарыз мемлекеттік экономикалық саясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Кейнс теориясында мемлекеттік қарыз экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды құралы, инвестиция мен экономикалық өсу қарқынын арттыру құралы ретінде қарастырылады [4].

■ Талдау және нәтижелер

Халықаралық тәжірибе көрсеткеніндей, қарызға алу саясатын ойластырылған түрде қолдану және мемлекеттік сектордың қарызын басқару мен жеке сектордың сыртқы қарызын реттеу саласында мемлекеттің әлеуетін нығайту үшін уақытында қажетті шаралар қолдану елдің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы.


Әлемдік тәжірибеде көптеген елдердің сыртқы нарықтан қарыз алуының және қарызды басқару әлеуетін нығайтудың негізінен өз стратегиясы болады [5]. Бұл қажеттіліктер капиталдың ішкі нарығының даму дәрежесімен, валюталық тәртіптің ерекшеліктерімен, макроэкономикалық саясаттың және нормативті реттеудің сапасымен, реформаларды дайындау мен жүзеге асырудағы ұйымдыстырушылық-құқықтық әлеуетпен, елдің несиені өтеу қабілеттілігімен және оның қарызды басқару саласындағы мақсаттарымен айқындалады. Осыған байланысты қарызды басқару жүйесін негіздеу мен жалпы сыртқы қарызды басқару тетіктерін жетілдірудің тиімді нысандары мен әдістерін анықтау өзекті болып табылады.

Қазақстандағы мемлекеттік борышқа қатысты жағдай, сонымен қатар COVID-19 пандемиясының салдарымен туындаған қарыз динамикасы бойынша да, борышқа қызмет көрсету шығындары бойынша да жаһандық үрдістерді көрсетеді, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен мемлекеттік борыш жоғары мөлшерде қалыптасқанын байқатады [6]. Пандемия бүкіл әлемдегі экономикаға зиян келтірді. Нәтижесінде Дүниежүзілік банктің сауалнамасына қатысқан елдердің 81 пайызы 2020 жылы экономикалық құлдырауды бастан өткергенін көрсеткен [7]. 2020 жылы дағдарысқа қарсы ауқымды шараларды жүзеге асыру барлық негізгі бағыттар бойынша мемлекет қаржысына жүктеменің күрт артуына, соның ішінде Ұлттық қордың жұмсалыуының жеделдеуі, мемлекеттік бюджет шығындары мен оның тапшылығының ұлғаюы және мемлекеттік қарыздың өсуіне әкелді. Оның салдары 2021 жылы анық көрінді және сол теріс ықпал 2022-2024 жылдар аралығында сақталды. Пандемияның Қазақстандағы мемлекеттік қарыздың өсуіне әкелетін мемлекеттік қаржы саласындағы проблемалардың шиеленісуіне әсерінің салдарын көрсетуге болады:

- эпидемиологиялық шараларды жүзеге асыру, бизнес пен халықтың карантиндік шектеулерден келген шығынын өтеу және экономикалық қолдауға байланысты бюджет шығыстарын арттыру;
- сыртқы күйзелістерден, бірінші кезекте мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі салдарынан туындаған залалдарын бейтараптандыру;
- сыртқы күйзелістерге байланысты теңгенің құнсыздануы және айырбас бағамы факторының сыртқы қарыздың өсуіне және оған қызмет көрсету құнына әсері;
- мемлекеттік облигацияларды қоса алғанда, ішкі нарықтағы қарыз құралдарының кірістілігінің құбылмалылығы және соның салдарынан ішкі қарызға қызмет көрсету құнының өсуі.

Соңғы жылдары республикамызда мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш бойынша міндеттемелердің бірте-бірте азаюымен сыртқы борыштың кепілдік берілмеген бөлігінде тұрақты өсу үрдісі байқалуда. Бұл динамика екінші деңгейлі банктер мен кәсіпорындардың қарыз операцияларына, сондай-ақ мемлекет кепілдіктерімен қамтамасыз етілмеген қарыздың өсуіне байланысты. Отандық банктер мен ірі компаниялар қарыз алудың тиімді шарттарын пайдалана отырып, сыртқы қаржы нарығының ресурстарын тарту көлемін арттыруды жалғастыруда. Егер мемлекет шетелдік бюджеттен қаражат тартуды қажет етсе, онда, әрине, бұл сыртқы мемлекеттік борыштың қалыптасуына әкеледі [8]. Сыртқы қарыз алудың негізгі кемшілігі сыртқы қарызды өтеуге және оған қызмет көрсетуге төленетін жоғары төлемдер қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторынан алшақтатады, ал сыртқы қарызды мерзімінде қайтармау елдің экономика-

лық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Республиканың жалпы сыртқы қарызының мөлшері оның жалпы ішкі өнімінің көлеміне жақындай түсуде. Жыл сайын миллиардтаған долларды құрайтын сыртқы қарызды өтеу және оған қызмет көрсету төлемдері күн сайын артып келеді. Соңғы жылдары артық өтімділік пен инвестиция үшін қаржы құралдарының тапшылығы байқалды [9]. Мұның бәрі Қазақстанның сыртқы қарызына қызмет көрсетуді қалыптастыру жүйесін айтарлықтай жетілдірудің объективті қажеттілігін және тиімділігін анықтайды. Қарыз қаражаттарын тарту қарқынының оларды өтеу деңгейінің қарқынынан асып кету нәтижесінде 2020-2021 жылдары мемлекеттік қарызының көлемі айтарлықтай өсті (1-сурет).



1-сурет. 2023 жылдың 1 тоқсанындағы нәтижелер бойынша мемлекеттік қарыз құраушылары (млрд. теңге).
Дереккөз: Economic Research Institute

Ұлттық статистика бюросының жедел деректері бойынша 1998 жылдан бастап алғаш рет елдің жалпы ішкі өнімі 2020 жылда 2,6%-ға қысқарып, 70 134,1 млрд. теңгені құрады [10].

Дағдарысқа қарсы шараларға мемлекеттік шығыстардың айтарлықтай артуы мемлекеттік қарыздың параметрлеріне әсер етпей қоймады. Жалпы мемлекеттік қарыз да 2020 жылдың соңында абсолютті де, салыстырмалы да түрде елеулі өсті және бұрын жоспарланған параметрлер мен олардың динамикасының траекториясынан асып түсті (1-кесте).

1-кесте. 2020 жылға арналған республикалық бюджеттің мемлекеттік қарызға қатысты параметрлері (млрд.теңге).

	Сәуір 2020 нұсқасы	2020 жылғы қараша нұсқасы	Бюджеттің нақты орындалуы
Жетіспеушілік	1598	2459	2185
Мемлекеттік қарыз лимиті	14 600	15 500	16 658
Мемлекеттік қарызға қызмет көрсету	777,8	769,5	762,1
Ұлттық қордан түсетін трансферттер	2700	4770	4770

Дереккөз: ҚР ҚМ (<https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>)

Бұл тәуелділіктің болуы COVID-19 пандемиясына байланысты мемлекеттік қарыздың өсу проблемасының өзектілігін арттырады, өйткені көптеген елдерде қарыздың қарқынды өсу процестері алдағы жылдарда да жалғасуы ықтимал [11]. Бұл өсудің алғышарттары

мемлекеттік бюджет тапшылығының жоғары деңгейде сақталуы, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы пайыздық мөлшерлемелердің өсуі болып табылады, бұл орталық банктердің активтерді сатып алу бағдарламалары аяқталғаннан кейін серпінді болады.

Қазақстанның COVID-19 індетімен күресуден кейінгі бір жылдағы ішкі жалпы өнімнің 23,8 пайызын құрайтын мемлекеттік қарыз деңгейін әр түрлі бағалауға болады. Мемлекеттік қарыздың айтарлықтай деңгейі бюджеттік ынталандыруды пайдаланудың тиімділігін төмендетеді, бұл мемлекеттік қарыздың салыстырмалы деңгейі жоғары экономикаларда осы коэффициент мәндерінің жоғарылауынан көрінеді [12].

Қазақстан үшін мемлекеттік қарыз тұрғысынан мемлекеттік қаржыны тұрақсыздандыратын негізгі фактор оның әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз болатын ағымдағы көлемі емес, оған қызмет көрсетуге кеткен шығындар болып табылады. 2020 жылы COVID-19 экономикалық салдарларымен күреске байланысты қарыз алудың ұлғаюы 2021 жылға арналған бюджетте бұл шығыстар көлемінің жаңа тұрақсыздығына және мемлекеттік қарыз өсімінің жаңа кезеңіне әкелді. 2021 жылғы республикалық бюджетте борышқа қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар 2020 жылы жұмсалған 762 миллиард теңгеден 978 миллиард теңгеге жетті. Осылайша, пандемияның салдары мемлекеттік қарызға қызмет көрсету бөлігінде республикалық бюджетке түсетін ауыртпалық бөлігінде тиісті шығыстардың 216 млрд теңгеге (шамамен 0,5 млрд доллар) немесе 28%-ға ұлғаюы және бюджеттік қарыз мәселесінің шиеленісуі болды. Сонымен қатар, пандемияның бұл шығындардың өсуіне әсері тек қарыз сомасы мен оған төленетін сыйақы көлемінің ұлғаюынан көрінді. Басқа фактор айырбас бағамы факторының әсерінен қарызға қызмет көрсету шығындарының өсуі болды.


Белгілі болғандай, пандемия әлемдік қаржы нарықтарында күйзелістерді тудырды. Дағдарыс көптеген дамушы нарықтық экономикаларға қатты әсер етті [13]. Оның ішінде 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық валютаның айырбас бағамына қатты қысым жасады. Теңгенің құлдырауы да екі факторға байланысты Қазақстанның мемлекеттік қарызына қызмет көрсету құнының өсуіне ықпал етті. Олардың біріншісі айырбас бағамы болды – теңгенің құлдырауы шетел валютасындағы мемлекеттік қарыздың сыртқы бөлігіне қызмет көрсетуге жұмсалатын теңге шығыстары көлемінің ұлғаюына себеп болды. Қазақстан үшін бұл фактор маңызды, өйткені мемлекеттік қарыздың 40%-ы оның сыртқы бөлігіне келеді. Екінші фактор жағдайды тұрақтандыру мақсатында жүргізілген Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін арттыру есебінен ішкі қарыз нарығында кірістіліктің айтарлықтай артуы болды. Реттеушінің мөлшерлемесін арттыру, басқалармен қатар, мемлекеттік облигациялар кірістілігінің артуына әкелді. 2020 жылдың 10 наурызында базалық мөлшерлеме 9,25-тен 12%-ға көтерілді және мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі де өсті. Мысалы, 4 наурызда Қаржы министрлігінің 108 айлық облигацияларын орналастыру жылдық кірістілік 9,5% болса, онда мөлшерлеме көтерілгеннен кейін 31 наурызда осыған ұқсас бағалы қағаздар 11% кірістілікпен орналастырылды.

Мемлекеттік қарызға қызмет көрсету құнының өсуінің осы екі факторы да – теңгенің құнсыздануына байланысты теңге төлемдерінің ұлғаюы және ішкі борыштық міндеттемелер бойынша мөлшерлемелердің артуы – COVID-19 пандемиясының тікелей салдары болды [14]. Оның әсері 2021 жылға дейін жалғасты және тағы бірнеше жыл бойы жалғасады, өйткені 2020 жылы мемлекеттік қаржының негізгі күйзелістерін жою ұзақ процесс болады. Осыған байланысты салдарлардың орта мерзімді перспективада мемлекеттік қарызға қатысты Қазақстанның бюджеттік процесіне әсерін қарастырған жөн.

Үкіметтік қарызға байланысты Қазақстанның республикалық бюджетіне жүктемесінің арту мәселесі бірнеше жылдар бойы шиеленісіп келеді. 2011 жылдан 2021 жылға дейін қарызға қызмет көрсету бойынша шығындар сегіз есе өсті, дегенмен салыстырмалы көрсеткіштер соңғы бес жылда тұрақтанды, бұл шығындардың салық түсіміне қатынасын

қоспағанда 2021 жылдың соңында бұл арақатынас тағы бір тарихи максимум 13,9%-ға жетті, яғни жиналған салықтың әрбір жетінші теңгесі мемлекеттік қарызға қызмет көрсетуге кетеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, борыштың ЖІӨ-ге төмен қатынасына ғана сүйену жеткіліксіз, оны ұстап тұру үшін стратегиялық бағытты ұстану Үкіметтің бюджеттік ұстанымын экономикалық күйзелістерден қорғау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.



2-сурет. Үкіметтік борыштың өсу сепіні, трн. теңге
Дереккөз: Қаржы министрлігі

Үкіметтің сыртқы борышы 2022 жылғы деректермен салыстырғанда төмендеп, 7 080,7 млрд теңгені (15 577 млн АҚШ долларын) құрады. Үкіметтің негізгі кредиторлары 10 халықаралық қаржы ұйымы болып табылады.

Салыстырмалы түрде алатын болсақ, осыдан он жыл бұрын (2012) қарызға қызмет көрсету үшін жиналған 23 салықтың бір теңгесі ғана қажет болатын. Ағымдағы жағдайлар мен мемлекеттік қарыздың параметрлеріне әсер ететін факторлар қолайсыз болып қалуда, оның үстіне соңғы кездегі геосаяси шиеленістерге байланысты олар айтарлықтай нашарлады. 2020-2021 жж. көп бөлігінде (10 жылдық ноталар үшін) қазынашылық бағалы қағаздар бойынша қарыз алудың жоғары шығындары. 10%-дан асты, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Ұлттық банктің базалық мөлшерлеменің күрт өсуіне байланысты 13%-ға жуық деңгейге жетті. Бұл көрсеткіш 24 ақпанда 10,25%-дан 13,5%-ға, 26 сәуірде 14%-ға дейін көтерілді. Республикалық бюджет тапшылығы өсуде: егер 2020 жылы ол 2185 млрд теңгені құраса, 2021 жылы – 2526 млрд теңге, ал 2022 жылға 2978 млрд теңгені құрайды деп жоспарлануда. Тапшылықтың жоғары деңгейі мемлекеттік қарыздың тиісті ұлғаюын талап етеді, оның көлемі алдағы екі-үш жылда 25 триллион теңгеге жетеді, бұл 2019 жылғы дағдарысқа дейінгі деңгейге қатысты екі есе өсуді білдіреді. Мемлекеттік қарыздың қарқынды өсуі оған қызмет көрсетуге арналған бюджет шығыстарының және олардың республикалық бюджет шығындарындағы үлесінің өсуін жеделдетуге әкеледі. 2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңның қолданыстағы редакциясы бойынша соңғы үш жылдағы осы шығындар үшін келесі параметрлерді қабылдайды (2-кесте).

2-кесте. 2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген қарызға қызмет көрсету шығындарының параметрлері

	2022	2023	2024
Қарызға қызмет көрсету шығыстары, млрд. теңге	1223	1412	1526
Өткен жылға қарызға қызмет көрсету шығындарын ұлғайту, %	25,1	15,5	8,1
Республикалық бюджет шығындарындағы қарызға қызмет көрсетуге арналған шығыстардың үлесі, %	7,8	9,1	9,5
Қарызға қызмет көрсету шығындарын 2019 жылғы деңгейге дейін арттыру, %	80,4	108,3	125,1

Дереккөз: ҚР ҚМ (<https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1>) және «2022 жылға арналған республикалық бюджет туралы» ҚРЗ негізінде автормен құрастырылды.

2024 жылдың өзінде берешекке қызмет көрсету шығындарының көлемі бұл көрсеткішті одан әрі арттыра отырып, 1,2 трлн теңгеден асуы тиіс. Үш жыл ішінде бұл шығыстардың жыл сайынғы өсімі орта есеппен 16%-ды құрайды, ал олардың дағдарысқа дейінгі 2019 жылғы көлеммен салыстырғандағы өсімі 2024 жылы 125%-дан асады. Бұл 2019-2024 жылдар аралығындағы бес жылдың ішінде қарызға қызмет көрсету шығындары 2,3 есеге артады деген сөз. Бұл шығындардың күрт өсуі COVID-19 пандемиясының салдарын еңсеру бойынша ауқымды бағдарламалардың салдары болып табылады және бұл зардаптардың орта мерзімді әсерін, біздің ойымызша, үш сценарий бойынша бағалауға болады [15].

Республикалық бюджет туралы заңда көрсетілген мемлекеттік борыштың параметрлері мен оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстарды мемлекеттік борышқа және оған қызмет көрсетуге жұмсалған шығындарға қатысты жағдайдың оптимистік сценарийі ретінде қарастыруға болады. Заңның қолданыстағы редакциясына 2023 және 2024 жылдарға арналған бюджет параметрлері енгізілген. Біздің ойымызша, соңғы он жылдағы ағымдағы үрдіс шеңберінде мемлекеттік қарыз көлемінің де, оған қызмет көрсету құнының да ұлғаюы деп тануға болады. Осы кезеңде, яғни 2012-2021 жылдар аралығында мемлекеттік қарыздың көлемі 5,2 есеге – 3 627 миллиард теңгеден 18 730 миллиард теңгеге дейін өссе, соңғы бес жылда қарыз көлемі 1,8 есеге өсті. Алдағы бес жылға дәл осындай өсуді бағдар ретінде алсақ, 2025 жылға қарай мемлекеттік қарыздың көлемі шамамен 30 триллион теңгеге дейін артуы тиіс.

Республикалық бюджеттегі қарызға қызмет көрсету бойынша шығыстар бойынша да жағдай оның өсуі біршама жылдам болды, 2012-2021 жылдар аралығында бұл шығыстардың көлемі 7,5 есеге өсті. Бұл көрсеткіштің бар динамикасын экстраполяциялай отырып, оның 2025 жылға қарай шамамен 1,7 триллион теңге деңгейіне дейін өсуін болжауға болады.

2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы болжамына сәйкес 2025 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 104,8 трлн теңгені құрауы тиіс. Осылайша, 2025 жылы мемлекеттік қарыздың көлемі шамамен 30% (2020 жылдың аяғында – 23,8%) деңгейіне жетеді, ал оған қызмет көрсетуге арналған бюджет шығыстарының көлемі ЖІӨ-нің 1,7%-ын (2020 жылы – 1,1%) құрайды.

Мемлекеттік қарыз алу – бұл қаржылық қауіпсіздік пен бюджет тепе-теңдігін сақтау үшін қажетті процесс, сондай-ақ елдің борыш нарығының негізгі бағдары. Дегенмен, сыртқы қарызды және ұлттық табысты мақсатсыз пайдалану ұлттық экономикаға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қарызды бағалау үшін жасалған зерттеудің негізгі мақсаты – 2001-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қарыздарының детерминанттарын зерттеу, яғни алдыңғы әдебиетке шолу негізінде Дүниежүзілік банктен (ДБ) алынған ЖІӨ өсімі, мемлекеттік шығындар, халық саны, ТБИ,

Джини индексі және Таза ұлттық табыстың үкіметінің шығыстары сияқты 6 түсіндіруші айнымалылар және олардың көзі 3 кестеде көрсетілген.

3-кесте. Айнымалылар және көздері

Айнымалы	Сипаттамасы	Көзі
DEBT	Мемлекеттік қарыз	WDI
GINI	Джини индексі	WDI
GGE	Жалпы мемлекеттік түпкілікті тұтыну шығыстары (ағымдағы жергілікті валюта)	WDI
POP	Халық саны	WDI
INF	Тұтыну бағасының индексі	WDI
GDP	ЖІӨ өсімі (жылдық %)	WDI
NI	Таза ұлттық табыс (ағымдағы АҚШ доллары)	WDI

Мемлекеттік қарызға (DEBT) факторлардың әсерін бағалау барысында сызықтық (1) және дәрежелік (2) регрессия модельдері құрылып, сәйкесінше келесі теңдеулермен анықталған:

$$DEBT_t = \beta_0 + \beta_1 \cdot GDP_t + \beta_2 \cdot GGE_t + GINI_t + \varepsilon_t \tag{1}$$

$$\text{Log } DEBT_t = \beta_0 + \beta_1 \cdot \text{Log } INF_t + \beta_2 \cdot \Delta \text{Log } \text{Log } NI_t + \beta_3 \cdot \text{Log } POP_t + \varepsilon_t \tag{2}$$

мұндағы айнымалылар мен олардың өлшем бірліктері жоғарыдағы 3-кестеде келтірілген, ал Log айнымалылардың натурал логарифмін білдіреді.

Сол модельдердің арасынан коэффициенттері мәнді, жалпы сапасы адекватты болатын келесі модельдер таңдалынып алынды.

4-кесте. Мемлекеттік қарыз (DEBT) бағалау нәтижелері (2001-2023)

Тәуелсіз айнымалылар	Сызықтық модель DEBT			(2) Дәрежелік модель LOG(DEBT)		
	Coeff	Std. Er	t-Stat	Coeff	Std. Er	t-Stat
GINI	-2084716**	928934.	-2.244			
GGE	4.03E-08***	6.2E-09	6.460			
POP				-14.49***	2.690	-5.388
INF				3.295***	0.537	6.1631
GDP	25.50220***	6.159	4.141			
NI				0.601	0.074	8.085
R ²	0.940886			0.991071		

Ескерту: 1) тұрақты коэффициенттер ұсынылмайды;
 2) коэффициенттер ***1%, **5%, *10% маңыздылық деңгейінде статистикалық маңызды болып табылады.
 3) авторлар құрастырған

Жоғарыдағы 4-кестедегі сызықтық моделді бағалау нәтижелері бойынша кедейшілік деңгейінің мемлекеттік қарызға кері әсері (-2084716), ал мемлекеттік шығыстар (4.03E-08) мен ЖІӨ өсімінің оң (25.50220) мәнді әсері байқалады. Ал дәрежелік модель бойынша халық санының қарызға келі әсер етсе, инфляция мен таза ұлттық табыс DEBT тәуелді айнымалыға оң әсер ететінін көрсетеді, бұл жағдайда икемділік сәйкесінше 3.295 және 0.601-ге тең.

Қазіргі жағдайда Қазақстанның мемлекеттік қаржы жүйесіне қарыштап өскен қарыздық жүктеме проблемасын шешу өте қиын. Оны қалыптастырудың негізгі факторы – республикалық бюджет тапшылығының жоғары деңгейде сақталып қалуы – бірқатар себептер бойынша іс жүзінде мүмкін емес әлеуметтік салаға шығыстарды айтарлықтай қысқартпай бейтараптандыру мүмкін емес [16, 8]. Осыған орай, бюджет тапшылығын азайтудың және оны жабу үшін мемлекеттік қарызды шығарудың бірден-бір жолы – «Ұлттық қордан» түсетін трансферттер көлемін ұлғайту деген тұжырым жасауға болады. Алайда, бұл әдіс «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан» қаражатты қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында белгіленген нормативтік шектеулерге ие. Бұл құжат қордың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар параметрлерді белгіледі, атап айтқанда, тиісті жылдың аяғында ЖІӨ болжамды құнының 30% ең төменгі теңгерімін қамтамасыз ету, сондай-ақ «Ұлттық қорға мұнай өнеркәсібінен түсетін түсімдер сомасынан аспайтын мөлшерде» кепілдік берілген трансферт көлемін шектеу. Соңғы жылдары бұл нормативтерді сақтау қиынға соқты, тиісінше, бюджет тапшылығын азайту мақсатында «Ұлттық қордан» түсетін трансферттерді ұлғайту іс жүзінде мүмкін емес. Осылайша, мемлекеттік қарыздың өсуі проблемасын шешу «Ұлттық қорды» пайдаланудың көрсетілген нормативтерінен бас тартқан және оның көлемі одан әрі қысқартылған немесе республикалық бюджет шығыстарын айтарлықтай қысқарту негізінде ғана мүмкін болады.

■ Қорытынды

Ұлттық экономиканың қазіргі экономикалық болмысында әлемдік экономикалық ағымдардың ғаламдану процестерінің өсіп отыруы жағдайында қарызды басқару жүйесіндегі мемлекеттік қарыздануды басқарудың қолданыстағы тәсілдемесі ескірді. COVID-19 пандемиясының Қазақстандағы мемлекеттік қарыздың жай-күйіне әсер ету салдарын қарастыруды қорытындылай келе, бұл әсер күшті болды, бірнеше арналар арқылы жүзеге асырылды және қарыз көлемінің де айтарлықтай өсуіне әкелді деген тұжырым жасауға болады. Бұл соңғы жылдардағы үрдістерді деформациялап, елдің негізгі борыштық параметрлерінің дағдарысқа дейінгі құндылықтарының дәліздерінен айтарлықтай асып түсетін жаңа деңгейлерге ауысуына ықпал етті.

Сонымен қатар, орын алған өзгерістер жалпы алғанда борыштық жүктеме жағдайының нашарлауының жаһандық тенденцияларына сәйкес келеді, оның макроэкономикалық динамикаға әсері бойынша қарызды ұлғайту тиімділігін айтарлықтай жоғары деп санауға болады, бірақ мемлекеттік қаржыға күйзеліс; COVID-19 пандемиясының салдарын еңсеру нәтижесінде пайда болған жағдай бірнеше жылдар бойына кері әсерін тигізеді және қарыз параметрлерінің айтарлықтай өсуіне әкеледі.

Мақаладағы Қазақстандағы мемлекеттік шығындардың негізгі факторы болып табылатын мемлекеттік қарыз, Джини индексі, Жалпы мемлекеттік түпкілікті тұтыну шығыстары, халық саны, ТБИ, ЖІӨ өсімі, таза ұлттық өнім арасындағы қатынасты бағалау үшін 2021-2023 жылдар аралығындағы деректер негізінде эконометрикалық зерттеу жүргізілді. Сызықты емес дәрежелік модельге сәйкес Қазақстан Республикасында инфляция мен ұлттық табыс икемділіктері оң, халық саныны теріс және елеулі әсер ететіні анықталды.

Сызықтық модель бойынша Джини коэффициентінің ықпалы теріс болса, ал мемлекеттік шығындар мен ЖІӨ мемлекеттік қарызға оң және мәнді әсер етеді.

Жоғарыдағы нәтижелерді саралай келе, мемлекеттік қарызды басқару бойынша келесі бағыттарға басымдық беруді ұсынамыз:

- мемлекет қарызының деңгейі экономикалық тұрақтылыққа және өсудің тұрақтылығына тікелей әсер ететін фактор болғандықтан белсенді мемлекеттік қарыз саясатын үнемі бақылауда ұстау қажет. Бұл экономиканың дамуы үшін маңызды.

- Мемлекеттік қарыз құрылымындағы ішкі және сыртқы компоненттердің арақатынасы Республиканың қаржылық тұрақтылығына әсер ететінін ұмытпаған абзал. Ішкі борыштың жоғары үлесі көп жағдайда валюта тәуекелін кемітеді.
- Басқару стратегияларына жіті мән берген жөн. Соның ішінде қарызды қайта құрылымдау, бюджеттік теңгерімдерді қамтамасыздандыру, фискалдық ынталандырулар экономикалық дамуды жеделдететін тетіктер.
- Халықаралық тәжірибелерге сүйену, түрлі елдердің мемлекеттік қарызды басқару тәжірибелерін салыстырмалы түрде талдау арқылы біздің еліміз үшін тиімді тәсілдерді игеру.
- Инвестициялық климатқа мән беру, себебі оның мемлекеттік қарыз деңгейіне ықпалы бар. Мемлекеттік борыш деңгейі қаншалықты төмен болса, шетелдік инвестициялардың тартылуына соншалықты әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Carmen M. Reinhart and Kenneth S. Rogoff. *This Time Is Different: Eight Centuries of Financial Folly*. ISBN:9780691152646. Published: Aug 7, 2011. Pages:512. <https://press.princeton.edu/taxonomy/term/18678>
2. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Наука, 1993. – С. 501.
3. Риккардо Д. Начала политической экономии и налогового обложения: сочинения. – М.: Гос. изд-во полит. лит., 1995. – С. 205.
4. Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – М.: Прогресс, 1978. – С. 334.
5. Кизилев В. В. Некоторые макроэкономические последствия COVID-19: специфика мирового кризиса 2020 года // Финансовый журнал. – 2021. Т. 13. № 1. С. 9-27. URL: <https://doi.org/10.31107/2075-1990-2021-1-9-27>
6. Гиндес Е.Г. Мировой опыт управления государственным долгом / Журнал: Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования – 2019. – №6. – Б.224-229.
7. Wu, C. (2024) Impacts of the COVID-19 Pandemic on Global Economy and Household Wealth. *Modern Economy*, 15, 790-805. doi: 10.4236/me.2024.159041.
8. Бекболсынова А.С. Управление государственным долгом республик в нынешних реалиях [Текст] / Журнал: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының экономикалық сериясы, – 2021. -№ 3.-Б. 201 -209.
9. ҚР статистикалық бюллетені. ҚР Қаржы министрлігінің ресми сайты. <http://www.minfin.gov.kz>
10. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. 2020 жылғы Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне қорытынды. Астана, 17 шілде 2021. https://www.gov.kz/uploads/2021/6/17/8df2091ae8455cbf2ccb31b0d9b09ebd_original.5173721.pdf
11. Checherita-Westphal C., Rother P. The Impact of Government Debt on Growth: An Empirical Investigation for the Euro Area // *Revue économique*. 2011. Vol. 62. № 6. P. 1015–1029. URL: <https://doi.org/10.3917/reco.626.1015>. Debt Management Responses to the Pandemic / Monetary and Capital Markets. Special Series on COVID-19.
12. Додонов В.Д. Пандемия COVID-19 как фактор наращивания государственного долга. Опыт Казахстана в контексте мировой ситуации. Финансовый журнал «Financial Journal», №4, 2022
13. Cassim Z. et al. The \$10 trillion rescue: How governments can deliver impact. McKinsey & Company, 2020. URL: <https://www.mckinsey.com/industries/public-sector/our-insights/the-10-trillion-dollar-rescue-how-governments-can-deliver-impact>
14. Andreyeva Ye.I. et al. (2021). COVID-19 and Anti-Crisis Social Support. *Finansovyy zhurnal – Financial Journal*, vol. 13, no. 1, pp. 28–38 (In Russ.). Available at: <https://doi.org/10.31107/2075-1990-2021-1-28-38>
15. Feldkircher M., Huber F., Pfarrhofer M. (2021). Measuring the Effectiveness of US Monetary Policy during the COVID-19 Recession. *Scottish Journal of Political Economy*. vol. 68 (3), pp. 287–297. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/sjpe.12275>
16. Зайцев Ю.К. Меры денежно-кредитной и фискальной политики в период экономического кризиса COVID-19 в России. *Финансы: теория и практика/Finance: Theory and Practice*. 2020; 24(6):618. <https://doi.org/10.26794/2587-5671-2020-24-6-6-18>

REFERENCES

1. Carmen M. Reinhart and Kenneth S. Rogoff. *This Time Is Different: Eight Centuries of Financial Folly*. ISBN:9780691152646. Published: Aug 7, 2011. Pages:512. <https://press.princeton.edu/taxonomy/term/18678>
2. Smith A. Issledovanie o prirode i prichinakh bogatstva narodov [Research on the nature and causes of the wealth of nations]. – М.: Nauka, 1993. – p. 501.
3. Riccardo D. Nachala politicheskoi ekonomii i nalogovogo oblozheniya: sochineniya [The beginnings of political economy and taxation: essays]. – М.: State Publishing House of Political Literature, 1995. – p. 205.
4. Keynes J.M. Obshchaya teoriya zaniatosti, protsenta i deneg [The general theory of employment, interest and money]. – М.: Progress, 1978. – p. 334.
5. Kizilov V. V. Nekotorye makroekonomicheskie posledstviia COVID-19: spetsifika mirovogo krizisa 2020 goda [Some macroeconomic consequences of COVID-19: the specifics of the global crisis in 2020] // *Financial Journal*. 2021. Vol. 13. No. 1. pp. 9-27. URL: <https://doi.org/10.31107/2075-1990-2021-1-9-27>
6. Gindes E. G. Mirovoi opyt upravleniia gosudarstvennym dolgom [World experience of management of the state long] / *Journal: innovative economy: prospects for development and improvement* – 2019.-No. 6. -p.224-229.

7. Wu, C. (2024) Impacts of the COVID-19 Pandemic on Global Economy and Household Wealth. *Modern Economy*, 15, 790-805. doi: 10.4236/me.2024.159041
8. Bekbolsynova A.S. Upravlenie gosudarstvennym dolgom respublikiv nyneshnikh realiyakh [Management of the state's long-term Republican reality] / *Journal: Economic series of the Bulletin of ENU named after L.N. Gumilyov*, – 2021. – No. 3.-p. 201-209.
9. QR statistikalıyq bületeni. QR Qarjy ministrıgınıń resmi saıty [Statistical Bulletin of the Republic of Kazakhstan. Official website of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan]. <http://www.minfin.gov.kz>
10. Respublikalyq büdjettiń atqaryluyn baqylau jónindegi esep komiteti. 2020 jylǵy Respublikalyq büdjettiń atqarylyuı turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniń esebine qorytyndy [Accounts Committee for control over the execution of the Republican budget. Conclusion to the report of the Government of the Republic of Kazakhstan on the execution of the Republican budget for 2020]. Astana, July 17, 2021. https://www.gov.kz/uploads/2021/6/17/8df2091ae8455cbf2ccb31b0d9b09ebd_original.5173721.pdf
11. Checherita-Westphal C., Rother P. The Impact of Government Debt on Growth: An Empirical Investigation for the Euro Area // *Revue économique*. 2011. Vol. 62. № 6. P. 1015–1029. URL: <https://doi.org/10.3917/reco.626.1015>. Debt Management Responses to the Pandemic / Monetary and Capital Markets. Special Series on COVID-19.
12. Dodonov V.D. Pandemiya COVID-19 kak faktor narashchivaniya gosudarstvennogo dolga. Opyt Kazakhstana v kontekste mirovoi situatsii [The COVID-19 pandemic as a factor in increasing public debt. Kazakhstan's experience in the context of the global situation]. *Financial Journal*, No.4, 2022
13. Cassim Z. et al. The \$10 trillion rescue: How governments can deliver impact. *McKinsey & Company*, 2020. URL: <https://www.mckinsey.com/industries/public-sector/our-insights/the-10-trillion-dollar-rescue-how-governments-can-deliver-impact>
14. Andreyeva Ye.I. et al. (2021). COVID-19 and Anti-Crisis Social Support. *Finansovyy zhurnal – Financial Journal*, vol. 13, no. 1, pp. 28–38 (In Russ.). Available at: <https://doi.org/10.31107/2075-1990-2021-1-28-38>
15. Feldkircher M., Huber F., Pfarrhofer M. (2021). Measuring the Effectiveness of US Monetary Policy during the COVID-19 Recession. *Scottish Journal of Political Economy*. vol. 68 (3), pp. 287–297. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/sjpe.12275>
16. Zaytsev Yu.K. (2020). Mery denezhno-kreditnoi i fiskalnoi politiki v period ekonomicheskogo krizisa COVID-19 v Rossii [Monetary and Fiscal Policy Measures During the COVID-19 Economic Crisis in Russia]. *Finansy: teoriya i praktika – Finance: Theory and Practice*, no. 24 (6), pp. 6–18 (In Russ.). Available at: <https://doi.org/10.26794/2587-5671-2020-24-6-6-18>

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДОЛГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЕГО УПРАВЛЕНИЕ

Андабаева Г.К.*

К.Э.Н.

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
E-mail: andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-7458-8711

Какижанова Т.И.

К.Э.Н.

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
E-mail: Tolkyn.Kakizhanova@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-2475-0573

Капарова Р.Б.

Докторант PhD

Алматы менеджмент университет
Алматы, Казахстан
E-mail: raygul-k@mail.ru
ORCID: 0009-0009-1881-2035

Аннотация. Тема государственного долга и его управления является одним из актуальных аспектов современных экономических исследований. Эффективность управления государственным долгом играет важную макроэкономическую роль, так как позволяет не только оптимизировать стоимость финансирования дефицита государственного бюджета, но и снизить расходы на обслуживание государственного долга, а также развивать внутренний рынок долговых инструментов. При этом государственные органы ответственные за управление государственным долгом должны принимать во внимание не только стоимость привлечения ресурсов, но и сопутствующие риски, в частности валютный риск, риск рефинансирования и риск изменения процентных ставок.

В статье рассматриваются государственный долг Республики Казахстан и пути его управления. Изучаются структура и экономические последствия управления государственным долгом. Будет проанализирована ситуация с государственным долгом в стране, а также динамика долга, вызванного пандемией COVID-19. В исследовании изучается влияние уровня государственного долга на экономику страны, инвестиционный климат и социальную сферу. Целью эконометрического

исследования в статье является определение влияния объясняющих факторов на государственный долг. Анализируя данные, были оценены линейные и нелинейные модели. По их результатам выявлено, что индекс Джини и численность населения оказывают отрицательное влияние, тогда как государственные расходы, рост ВВП, национальный доход и инфляция – положительное. Результаты модели способствуют принятию важных социально-экономических и политических решений для решения проблем, связанных с государственным долгом.

Установлено, что из-за государственного долга нагрузка на республиканский бюджет будет увеличена. Даны эффективные рекомендации по снижению данной нагрузки и предложены пути обеспечения экономической стабильности. В результате был сделан вывод, что эффективное управление государственным долгом способствует развитию национальной экономики и укреплению социально-экономической стабильности.

Ключевые слова: государственный долг, внешний долг, дефицит бюджета, обслуживание долга, девальвация, инфляция, экономический рост.

PUBLIC DEBT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ITS MANAGEMENT

Andabaeva G.K.*

c.e.s.

Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

E-mail: andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-7458-8711

Kakizhanova T.I.

c.e.s.

Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

E-mail: Tolkyn.Kakizhanova@kaznu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-2475-0573

Капарова R.B.

PhD student

Almaty Management University
Almaty, Kazakhstan

E-mail: raygul-k@mail.ru
ORCID: 0009-0009-1881-2035

Abstract. Public debt and its management is one of the most relevant aspects of modern economic research. The efficiency of public debt management plays an important macroeconomic role, as it not only allows the cost of financing the state budget deficit but also reduces the cost of servicing public debt, as well as developing the domestic market for debt instruments. At the same time, government bodies responsible for managing public debt must consider not only the cost of attracting resources but also the associated risks, in particular, currency risk, refinancing risk, and the risk of changes in interest rates.

The article examines the national debt of the Republic of Kazakhstan and its management. The structure and economic consequences of public debt management are being studied. The situation with the national debt in the country will be analyzed, as well as the dynamics of debt caused by the COVID-19 pandemic. The study examines the impact of public debt on the country's economy, investment climate, and social sphere. The purpose of the econometric research is to determine the effect of explanatory factors on public debt. By analyzing the data, linear and nonlinear models were evaluated. According to their results, the GINI index and population have a negative effect, while government spending, GDP growth, national income, and inflation have a positive impact. The model's results support the adoption of important socio-economic and political decisions to address issues related to public debt.

It is established that due to the public debt, the burden on the republican budget will be increased. Effective recommendations are given to reduce this burden and ways to ensure economic stability are proposed. As a result, it was concluded that effective public debt management contributes to the development of the national economy and strengthens socio-economic stability.

Key words: public debt, external debt, budget deficit, debt servicing, devaluation, inflation, economic growth.